

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

## Абайдың «Ескендір» поэмасы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
25.10.2017СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/18898/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Ерпанова Алтынкүн Жолбатырқызы****Тақырыбы: Абайдың «Ескендір» поэмасы. (2-сағаты)**

**Сабақ негізделген оқу мақсаты:** көркем туындыны түсініп, мәнерлеп оқуға және идеялық-тақырыптық негізін, ой астарын түсінуге үйрету, поэманың тереңіне бойлату, ақынның образ жасау шеберлігін ұғындыру.

**Күтілетін нәтиже:** оқушылар өз ойларын қорғай білуге үйренеді, бір-бірін тыңдайды, толықтыру арқылы мәтін мазмұнының түсініксіз жерлерін айқындайды.

**Ақпарат көздері:** оқулық, тапсырмалар жазылған парақшалар.

**Түйінді идеялар:** оқушылардың сыни тұрғысынан ойлауын дамыта отырып Абайды түсініп оқып, ойға түйе білу.

**Ресурстар:** Ынтымақтастық атмосфера қалыптастырады.

**I.Ұйымдастыру кезеңі**

— оқушыларды ұйымдастырады

— топтастырады

— үй тапсырмасын тексереді

— жаңа сабақ түсіндіру

**II.Абай қазақ поэзиясының өсіп, гүлденіп, жаңа сапаға жетуіне орасан зор еңбек етті. Ақын жас ұрпаққа терең ойға толы, алуан өлеңдер үлгісін қалдырды. Абай мұралары – адамгершіліктің, имандылықтың, биік парасаттылықтың асыл қазынасы. Осыған орай Абай шығармашылығын жинақтау, жүйелеу мақсатындағы сабағымызды бастайық.**

### III.«Миға шабуыл» стратегиясы.

1.Поэма дегеніміз не?(«Поэма»грек сөзінен шыққан, «туынды» деген мағынаны береді,өлеңмен жазылады.)

2.Абайдың неше поэмасы бар?(«Ескендір» «Масұғыт,» «Әзім әңгімесі»)

1.

**«Кубизм»** стратегиясы бойынша топтық жұмыс жүргіземіз. Екі топқа үш тапсырмадан беріледі.

1-қыры: **«Зерттеңіз»**. Ұлы ақын Абайға «Ескендір»поэмасын жазуға не арқау болды?Тарихи деректер бойынша Ескендір,Аристотел туралы дерек айту.(1-топ)

2-қыры: **«Ойланыңыз»**. Шығарма мазмұнына жоспар құрыңыздар.(2-топ)

1. Ескендірдің тегі, патшалығы, жорықтары.
2. Жорықтағы Ескендірдің бұлақпен кездесуі.
3. Ескендірдің бұйрығы.
4. Күзетшімен тілдесуі, оның сыйы.
5. Аристотельдің сүйекті өлшеуі.
6. Ақынның өсиет сөзі.

3-қыры:**«Қолданыңыз»**. «Ескендір» поэмасының мазмұны бойынша шағын көрініс көрсетіңіздер.(1-2 топ оушылары)

4-қыры: **«Суреттеңіз»**. Әдеби теориялық ұғымдарды тауып көрсету.(1топ)(Теңеу-дарияның суындай қандар ақты,таспадай бейне арықтан шыққан құлап.Эпитет-сар дала,мөлдір бұлақ,қу өмір,жеміт көз.)

5-қыры:**«Салыстырыңыз»**. Ескендір мен Аристотельге мінездеме жазу.(2 топ)

6- қыры **«Талдаңыз»**. «Ескендір» поэмасына талдау жасау.Өлең құрлысына талдау жасау.(1-2 топ)

Авторы: Абай Құнанбаев

Шығарманың аты: «Ескендір» поэмасы

Тақырыбы: Адамгершілік, қанағат тұту, даналық.

Идеясы: Қанағат пен жауыздықты әшкерелеу, әділет пен даналықты дәріптеу.

Жанры: эпикалық (поэма)

Ұйқас:қара өлең (аба)

Шумақ: 42

Тармақ:4

Буын:11, 12

Бунақ:3

Түйінді ой: Абай бұл шығармасында адам бойындағы жаман қасиеттерді әшкерелейді. Ол өз өлеңінде де өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ бес дұшпаның деп атап көрсеткен болатын.

**Сергіту сәті:**Абай Қ. Ән «Желсіз түнде жарық ай.» хор

**V.Ой қорыту:«Ойлаудың төрт қалпағы»**

**«Сары қалпақ»- Позитив**

Жағымды тұстары қандай болды?Оның артықшылығы қандай?( Аристотельдің құрметті есімі, «ақылы мол», «жеке-дара», «хакім адам»)

**«Қара қалпақ»-Жағымсыз**

Жағымсыз кезеңдерді көрсетіңіз.(Ескендір елде алмаған хан қоймады,Алған сайын көңілі бір тоймады.Араны барған сайын қатты ашылып,Жердің жүзін алуға ой ойлады.. Ескендір — Қанішер, қатыгез, тойымсыз, даңғой...)

**Жасыл қалпақ-Креатив**

Менде қандай идеялар бар?( Қандай баламалы түрлерді ойлап таба аламын?Ескендір әлемді ақылымен, білімімен, данышпандығымен жауласа болар еді. )

**«Көк қалпақ» -шолу /үндеу/**

(Әлемде тек қана бейбітшілік салтанат құрсын!Лаңкестік болмасын!Соғыс болмасын! Адам қаны жазықсыз төгілмесін...)

Шығармашылық жұмыс.Ескендірге хат немесе Ескендірге арнау өлең жазу.

**VI.Үйге тапсырма:** «Рухани биіктік-ең жоғарғы биіктік» тақырыбына эссе жазу.

**VII.Бағалау:**бағалау парағы арқылы бағаланады

ҚМ АА Күәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.